

І ТУЫ

ІН, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

рь Сенбі

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Мал шаруашылығын жедел өркендету міндетін мүлтіксіз жүзеге асыру үшін төл алуды үлгілі өткізудің зор маңызы бар. Сондықтан партия, совет ұйымдарының, ауылшаруашылық орындарының басшылары төл алу науқанына үздіксіз нақтылы басшылық жасап отырулары керек.

Төл алу әрбір ферма бойынша үлгілі өткізіліп, барлық төл аман сақталсын!

ЫНША
Н

д, совхоздың, МТС-
стік міндеттерімен
і, озаттардың тәжі-
білігіне айналдыру-
ді дереу жою шара-
амасыз ете алмай

қызу кезеңі бас-
алудағы және төл-
шіліктерді дереу жо-
ғынсыз өсіруді, төл-
ттік жоспарды мін-
ол үшін мал өсіру-
і дұрыс ұйымдасты-
жақсы өсіруге ке-
пайдалануды керек

андаудың жолдары
шінде төлді шығын-
еу керек?

жедел өркендету-
арлық қолхоздар мен
орын жасау және
тмай, дұрыс пайда-
мының ішінде аналық
өтехникалық ересе-
азықпен азықтанды-
кінші шарты—ана-
күніңә түпте түр

Қоғамдық мал шаруашылығын жедел қарқынмен өркендетейік

Мал шаруашылығы басшы қызметкерлері мен мамандарының облыстық кеңесі

Осы жылғы 26—27 январьда мал шаруашылығы басшы қызметкерлері мен мамандарының облыстық кеңесі болып өтті. Онда облыс қолхоздары мен совхоздарында қоғамдық мал шаруашылығын оған әрі өркендету шаралары туралы еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқару комитетінің председатели Қ. Оспанов жолдас баяндама жасады.

Оспанов жолдас өзінің баяндамасында сталиндік бесінші бесжылдықта қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендету жөнінде облыс еңбекшілерінің алдына аса зор міндеттер қойылып отырғанын ақпал көрсетті. Әсіресе, бесінші бесжылдықта үшінші жылында облыс қолхоздары мен совхоздарында мал шаруашылығын өркендету саласындағы негізгі міндеттерге айырықша тоқталды.

— 1955 жылдың аяғында, — деді ол, — 1952 жылмен салыстырғанда облыс қолхоздарында ірі қара мал саны — 95,9 процент, оның ішінде сауын сыйырлар саны екі есеге артық, қой мен ешкі

дарды, ездігінен жүретін шөп машинала-
рып, трактор тырнауыштарын, шөп
шөмеледегіштерді, механикаландырылған
шөп маялағыштарды, құрылыс материал-
дарын және басқа да құрал-жабдықтарды
көптен алады. Мұның өзі бесінші бесжыл-
дықта қоғамдық өнімді мал шаруашылы-
ғын советтік озат техника негізінде жаңа-
тан күшті қарқынмен өркендету беруге
орасан зор мүмкіншіліктер тудырады.

Баяндамадан кейін ҚКП Петропавл аудандық комитетінің секретары Қабдунасов жолдас жарыссөзге бірінші болып шықты. Ол ауданда мал шаруашылығын өркендету ісіндегі негізгі кемшіліктерге тоқталды. Қоғамдық мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыру жоспарының жылма-жыл орындалмай келе жатқанын айтып, оның себептерін аңтты.

— Өткен жылы, — деді ол, — аудан қолхоздарында мал басын өсірудің мемлекеттік жоспары негізгі түліктер бойынша орындалған жоқ. Мал шаруашылығы өнімдерін де өте аз бердік. Оның себебі

ға болмайды. Сондықтан табиғи шабын-
дықтарды дұрыс пайдаланып, далалық
және мал азығындық ауыспалы егісті тә-
зірек игеру керек. Аудан қолхоздарында
мал шаруашылығын өркендетудің бұл
сыяқты маңызды мәселелерінің жүзеге
асырылуы әлі қанағаттанғысыз. Бірқатар
қолхоздар мен совхоздарда, әсіресе, шөп-
тапты ауыспалы егіс жүйесін меңгеру
ісі үлкен оқшылыққа ұшырап отыр. Мал
ағызы жылма-жыл аз дайындалып жүр.
Мал қыстан төмен күймен шығады. Мұ-
ның өзі мал басының баяу өркендеуіне,
оның шығынға ұшырауына әкеліп соғып
жүр.

Мал басының еселеп көбейтілуі мал
өсіруші кадрларға байланысты. Алайда,
біздің ауданда мал өсіруші кадрлар даяр-
лау, оларды іріктеп алу, орналастыру,
тәрбиелеу ісі бүгінгі талапқа сай емес.
Зоотехниктер мен малдәрігерлері ауданда
мүлде жеткіліксіз. Мал өсірушілер тұрақ-
тандырылмайды. Олар жиі ауыстырылып
келеді. Бірақ, қолхоздарда мал өсірушілер-

керек ететін жұмыстарды механикаланды-
руда МТС-тердің ролін арттыру қажет
екендігіне тоқталды.

Тоқшын совхозының бас зоотехник
Творецкий жолдас совхоз коллективінің
қоғамдық мал басын өсіріп, оның өнімді-
лігін арттыруда қол жеткен табыстарын
ортаға салды. Совхоз коллективінің мал-
ды қоспа бағуды үлгілі өткізіп келе жат-
қанын айтып берді.

ҚКП Мамлют аудандық комитетінің
секретары Вирожин және еңбекшілер де-
путаттарының Октябрь аудандық Советі
атқару комитетінің председатели Мусин жолдас-
тар мал шаруашылығына жеткіліксіз басшы-
лық жасап отырғаны үшін облыстық
ауыл шаруашылық басқармасын, оның
басшылары Омеляненко, Сипичкин, Бал-
гарин жолдас-тарды әділ сынады. Бірақ,
олар мал шаруашылығын өркендетуде,
әсіресе, мал қыстатуда өз аудандарына
арын алып отырған кемшіліктер жөнінде
жұмған ауыздарын ашпады. Малды қыс-
тан аман алып шығу күресінде қандай

ру жоспарын 32,2 процент арттырды. Петршав ауданындағы Сталин атындағы колхозда кәзiрдiң өзiнде 500 ден астам қозы алынды. Бұл колхозда төл алуға өзiрлiк және алынған төлдi күту ойдағыдай ұйымдастырылған. Совет ауданындағы «Көктерек» колхозының шопандары Б. Бәйтенова, Б. Алдабергенова жолдастар әрбiр 100 саулықтан 130 қозы алуды қамтамасыз етiп отыр. Бұлар сыяқты озаттар басқа да аудандарда бар.

Бiрақ, аудандардың қайсысында блез да осылар сыяқты озаттардың тәжiрибесiн мал өсiрушiлер арасында насихаттау, үгiт-теу iсi нашар. Демек, мал өсiрушiлер арасында үгiт-бұқаралық, саяси-тәрбие жұмыстары өз дәрежесiнде емес. Жергiлiктi партия, совет ұйымдары үгiт-бұқаралық

Кәзiр облысымызда жергiлiктi Советтердiң сайлауына әзiрлiк күннен-күнге қызғусуде. Сайлау жүрметiндегi социалистiк жарыс кең өрiс алуда. Партия, совет ұйымдары және ауылшаруашылық орындары мал өсiрушiлердiң де бұл социалистiк жарысқа ұштасуын, олардың мал шаруашылығында жаңа табыстарға жетуiн қамтамасыз ете бiлулерi қажет.

Мал шаруашылығын жедел өрiсiдету мiндетiн мүлдiкeiз жүзеге асыру үшiн төл мұды үлгiлi өткiзудiң зор маңызы бар. Сондықтан партия, совет ұйымдарының, ауылшаруашылық орындарының басшылары төл алу науқанына үзiксiз нақтылы басшылық жасап отырулары керек.

Төл алу әрбiр ферма бойынша үлгiлi өткiзiлiп, барлық төл амай сақталсын!

Москва автозаводшыларының екі жүз „әдебиет сәрсенбілігі“

Москваның Сталин атындағы автомобиль заводының мәдениет сарайында 28 январьда екi жүзiншi «әдебиет сәрсенбiлiгi» болып өттi. Кешке 1300-дей автозаводтықтар жыйналды.

Алты жыл iшiнде «әдебиет сәрсенбiлiктерiне» 50 мың шамалы жұмысшылар, қызметшiлер, инженер-техник қызметкерлерi

және олардың семья мүшелерi болды. Көркемсөз оқу шеберлерiнiң орындауында олар халықтардың данышпан көсемi Сталин жолдасқа, коммунизмнiң ұлы құрылыстарына, совет адамдарының қажырлы еңбегiне, халықтардың бейбiтшiлiк жолындағы күресiне арналған шығармалармен танысты.

Великие Луки колхоздарындағы құрылыс

ВЕЛИКИЕ ЛУКИ, 29 январь. (СОТА). Облыстың колхоздары зор құрылыс жұмыстарын жүргiзуде. Кәзiр мұнда 2 мыңнан аса жаңа құрылыстар бар. 800-ден астам мал қоралары, 134 стандарт дән кептiргiштер, көп жабық қырандар, астық қоймалары, тұрғын үйлер, мәдени-ағарту мекемелерi үшiн үйлер салынуда.

Колхоздарда 680 ден артық құрылыс бригадалары жұмыс iстейдi. Жұмыс қысты күндерi де тоқтаған жоқ.

Мамандар даярлау үшiн Себежде колхоз құрылыс техникумы ашылған. Қысқа мерзiмдi курстарда өткен жылы бiр мыңға жуық ағаш шеберлерi, столярлар, пеш салушылар, тасшылар даярланды.

Февраль есебіне өндірілген кен

КРИВОЙ РОГ, 29 январь. (СОТА). «Ленинруда» тресiнiң «Большевик» руднигiнiң кеншiлерi еңбекте жаңа табысқа жеттi. Бүгiн олар Криворожье бассейниде бiрiншi болып февраль айы есебiне кен өндiре бастады. Осы сыяқты, металлургтерге

кен жөнелтудiң январьдағы жоспары да мерзiмiнен бұрын орындалды.

«Большевик» руднигiнiң коллективi өткен жылғы январьмен салыстырғанда кендi 25 процент артық өндiредi.

негiзгi себебi сол — колхоздар мен совхоздарда аналық малдар жақсы күтiмге алынбайды, оларды шағылыстыру, қолдан ұрықтандыру науқаны дұрыс өткiзiлмейдi. Төл алу жұмыстары ойдағыдай жүргiзiлмейдi, төлдiң, iрi малдардың шығын болуына жол берiледi. Өткен жылы жағдай дәл осылай болды. Соның салдарынан былтыр әрбiр 100 аналық малдан 47 бұзау, 38 қозы, 65 құлын және әрбiр мерезжiннен 8 төрайдан ғана алынды.

Бұдан әрi Оспанов жолдас көптеген колхоздар мен совхоздарда мал қыстатудың қанағаттанғысыз өткiзiлiп отырғанын айта келiп, малды күтiп азықтандыру жұмыстарын негiзiнен жақсарту қажет екенiн атап көрсеттi. Мұнымен бiрге, ол мал азығын жұмсаудағы жауапсыздыққа, пeсiзiлiкке тоқталды. Жемшөнтi ұқышсыз жұмсап, малды күтiп азықтандыру iсiне жеңiл-желшi қарап, мал күйiнiң төмендеуiне, оның шығынға ұшырауына жол берген аудан, колхоз, совхоз басшылары және ауылшаруашылық органдарын қатты сынға алды.

— Мал шаруашылығын жедел қарқынмен өрiсiдету үшiн, — дедi Оспанов жолдас, — мал қыстатуды үлгiлi өткiзу, жемшөп қорын тиiмдi пайдалану қажет. Әрбiр ферманы маман мал өсiрушiлермен қамтамасыз етiп, оларды тұрақтандыру керек. Сөйтiп, әрбiр аудан, колхоз бен совхоз аналық малдарды шағылыстыру, қолдан ұрықтандыру және төл алу науқанын жылма-жыл зоотехникалық өрежелерге сәй үлгiлi өткiзiп отыруға жетiсуге мiндеттi.

Тұрақты жемшөп қорын жасамайынша мал шаруашылығын өркендетуге болмайды. Сондықтан шабындықтар мен мал жайылымдарын бұрынғыдан гөрi тиiмдi пайдалану, шөптанапты ауыспалы егiс жүйесiн көңiшiн меңгеру керек.

Партиямыз бен үкметiмiз, кеменгер көсемiмiз Сталин жолдасдың тiкелей өзi қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуге күнбе-күн көңiл бөлiп, зор қамқорлық жасап отыр. 1953 — 1955 жылдары облысымыздың МТС-төрi және колхоз, совхозлары қуатты тракторлар мен комбайн-

мiне, осы деп бiлу керек.

Засыпқын жолдас стандартты мал қораларын салу үшiн құрылыс материалдарының жеткiлiктi бөлiшбейтiнi, бұл мәселеге тиiстi орындардың жеңiл-желшi қарайтыны жөнiнде сын пiкiрлер айтты.

Шағлы МТС-нiң директоры Филиппов жолдас өзiнiң сөзiн мал шаруашылығындағы еңбектi көп керек ететiн жұмыстарды механикаландыруға арнады. Ол жұмыстың мұндай маңызды участогiне облыстық ауылшаруашылық басқармасының инженерлерi, әсiресе, оның мал шаруашылығы бөлiмi қызметкерлерiнiң жете көңiл бөлмейтiнiн, нақтылы көмек көрсетпейтiнiн сынға алды. Сонымен қатар, ол Шағлы МТС-нiң қамтуындағы колхоздар үшiн мал шаруашылығындағы еңбектi көп керек ететiн жұмыстарды механикаландырудың зор маңызы бар екенiн, әсiресе, фермаларда жел двигателiн орнату, аспалы код салу, сыйырды электр агрегатымен сауу, қойды электр қайшыларымен қырку жұмыстарының баяу енгiзiлiп отырғанын айтты.

Алайда, Филиппов жолдасдың сөзi кедеске қатысушыларды қанағаттандырмады. МТС-те мал шаруашылығындағы еңбектi көп керек ететiн жұмыстарды механикаландыру iсiнiң жайын, бұл салада жүзеге асырылып жатқан шаралар туралы ол мұқымды ешнәрсе айтқан жоқ.

Ал, Шағлы МТС-i фермалардағы күрдәлi жұмыстарды механикаландыру жөнiнде колхоздарға нашар көмектесiп келедi. МТС кәзiр, мал қыстатудың аса жауапты кезеңiнде жабайы жемшөптi малға турал, ұнтап, буландырын беруге, сөйтiп, мал азығының жұғымдылығын арттыруға мүлде қатыспай отыр.

— Талаудағы үш жылдың iшiнде, — дедi еңбекшiлер депутаттарының Булаев аудандық Советi атқомiнiң председателi Қизатов жолдас, — аудан колхоздарында iрi қара мал саны — 119 процент, қой саны — 142 процент, шошқа саны — 8 еселе жуық көбейтуге тиiс. Бұл мiндеттi жемшөптiң мол қорын жасамайынша, қоғамдық малды жылы, жарық қоралармен қамтамасыз етпейiнше жүзеге асыру-

нақтылы

Көпжылдық жолдас стандартты мал қораларын салу үшiн құрылыс материалдарының жеткiлiктi бөлiшбейтiнi, бұл мәселеге тиiстi орындардың жеңiл-желшi қарайтыны жөнiнде сын пiкiрлер айтты. Шағлы МТС-нiң директоры Филиппов жолдас өзiнiң сөзiн мал шаруашылығындағы еңбектi көп керек ететiн жұмыстарды механикаландыруға арнады. Ол жұмыстың мұндай маңызды участогiне облыстық ауылшаруашылық басқармасының инженерлерi, әсiресе, оның мал шаруашылығы бөлiмi қызметкерлерiнiң жете көңiл бөлмейтiнiн, нақтылы көмек көрсетпейтiнiн сынға алды. Сонымен қатар, ол Шағлы МТС-нiң қамтуындағы колхоздар үшiн мал шаруашылығындағы еңбектi көп керек ететiн жұмыстарды механикаландырудың зор маңызы бар екенiн, әсiресе, фермаларда жел двигателiн орнату, аспалы код салу, сыйырды электр агрегатымен сауу, қойды электр қайшыларымен қырку жұмыстарының баяу енгiзiлiп отырғанын айтты.

Мiне, бұл сынық негiзгi се-рының Енiң предсiнен тоқлардың ибұлай болдандық п Совет

басшылыи тоқталмад Шығында аудандық лығына б сыз. Сола тыз компи мал шару сартудың дейiн қол

Тимиряз Цымбал ж рын жаса өтетiн жу жақсарту ол МТС қ дықтар ме үшiн облы масы тара өттi.

Соколов бөлiмiнiң аудан қо жайын ай да, мал ш

Сы — дүние жүзіндегі сайлау системасы

ОЛЯКОВ.

танылады, ал қаналуға ганчериал деп есептеді, оның ортаң толық правостыды. Буржуастандыктардың

р жоқ, мұнда лердің қолында системасы бар ындарын сайтысуын қамта

жалпыға бірдей Конституциясы СРО-ның жасы итарының нәіні, білім дәреметтік тегі, әлрі қандай болса

ғынасуға пра ауысқан және равосы жойылвосы болмайды.

мүлдем басқаның жалшайына, ал іс жүкөпшілігі әрдарын сайлауа айырылған.

нында бәрсеықтар сайлауегінің сайлауоғады. Бәзір

депутаттыққа кандидат ұсыну үшін бірнеше мың аламың қол қосу талап етіледі, бұл жыйналу үшін мүмкіндігі жоқ жұмысшылар үшін өте-өте қыйын. Еңбекшілердің правосына ұсынылған кандидат үшін ақшадай ірі сомамен көпшілік қоюмен де шек қойылады, ал ол сома белгілі мөлшерде дауыс жыйналмаған күнде қайтарылып берілмейді. Жұмысшылар өздерінің кандидаттарын еркін ұсыну үшін капиталистердің қолындағы баспасөзбен, радиомен пайдалана алмайды.

Капиталистер елдің қожасы. Олар сайлау алдында сайлаушыларды сатып алуға орасан көп қаржы жұмсайды. өздері ұнатқан депутаттарды ұсыну және сайлау үшін бүкіл қаратүлек күштерді пайдаланады. Мәселен, Нью-Йоркте берілген бюллетендердің 10 процентінің жалған болып шыққандығы, Түркия мен Грецияда соңғы сайлауларда кейбір сайлау округтерінде, көп сайлаушылардың дауыс беруге қатыспағанына қарамастан, «берілген» бюллетендердің саны сайлаушылардың санынан асып кеткендігі белгілі.

Капитал өндеріндегі сайлаудың ұсынсыз тәртібі осындай.

Міне, сондықтан оларда көп сайлаушылар сайлауға қатыспау жағын қарастырады, ал, депутаттар барлық дауыстың жартысынан көбімен сайланады, яғни іс жүзінде сайлау округі көпшілігінің өкілі бола алмайды. Капиталистік елдерде еңбекші халықтың қалың көпшілігі неше түрлі аядау-арбаумен өңмет орындарын сайлауға қатысудан шеттетіледі.

Біздің социалистік елімізде жағдай мүлдем басқаша. ССРО-да 1950 жылы еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерін сайлауға барлық сайлаушылардың

Сайлау алдындағы округтік кеңестер

★ Біркісідей қостады ★

Еңбекшілер депутаттарының облыстық Советін сайлау жөніндегі қаладағы № 58 Володаров, № 59 Киров, - № 60 Ленин және № 61 Сталин сайлау округтері сайлаушыларының сайлау алдындағы басқосқан жыйналысы болып өтті.

Мінбеде — қалалық аурухананың дерілері Богородицкий жолдас.

— Біздің сайлау округі бойынша, — деді, ол, облыстық Советтің депутаттығына кандидат болып ұлы көсеміміз Сталин жолдас, оның жақын серігі және шәкірті Маленков жолдас ұсынылды.

Мұнымен бірге, деді одан әрі Богородицкий жолдас, біздің округ бойынша облыстық Советтің депутаттығына көптеңді дәрігер Галина Николаевна Соколова жолдас кандидатурасы ұсынылды. Соколова жолдас Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты. Ол халық қызметшісі деген өте жоғары атаққа лайық қызмет атқарып келеді. Өз сайлаушыларымен байланысын үзбейді, олардың тілегін орындап отырады, дабымына құлақ асады. Мен барлық сайлаушыларды Соколова жолдасдың кандидатурасы үшін дауыс беруге шақырамын.

Будан кейін нан комбинатының партия ұйымының секретары Черепанов жолдас сөйледі. Ол комбинат коллективі арасындағы сайлау қарсаңында мейлінше өріс алып отырған еңбек және саяси өрлеу туралы айтты. Ол сөзінің соңында № 60 Ленин сайлау округі бойынша облыстық Советтің депутаттығына ұсынылған Зей-

кен Ағыбайұлы Ағыбаев жолдасдың кандидатурасы туралы тоқталды.

— Партияның XIX съезінің қарарлары және И. В. Сталин жолдасдың съезде сөйлеген тарихи сөзімен жігерленген біздің коллектив, — деді орталық электр станциясының слесарі Иващенко жолдас, — сайлау қарсаңындағы социалистік жарыста жана міндеттемелер алып ол міндеттемелерді мінсіз орындау үшін қабыршылықпен еңбек істеуде. Мен өзін насосты монтаждау жұмысын тапсырма бойынша 15 марттың орнына, 1 мартқа дейін аяқтауға міндеттендім.

— Біз, — деді «1 Май» кәсіпшілік артеп комсомол ұйымының секретары Овчинникова жолдас, — бүгін Сталиндік Конституцияда берілген праволарымызды пайдаланып сайлау алдындағы жыйналысқа ұсынылған кандидаттарымызды талқылау үшін жыйналдық. Артель коллективі № 59 Киров сайлау округі бойынша облыстық Советтің депутаттығына Алексей Алексеевич Соколов жолдасдың кандидатурасын ұсынды. Басқа бірқатар коллективтер біздің ұсынысымызды қостады.

Жыйналысқа қатысқандар мұнан кейін халық сенген өкілдер сайлады және еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің депутаттығына кандидаттыққа ұсынылған Г. Н. Соколова, А. А. Соколов, З. А. Ағыбаев, Х. П. Болатов жолдасар үшін біркісідей дауыс беруге шақырып, аталған төрт округтің барлық сайлаушыларына үндеу қабылдады.

АНГЛИЯДА БЕЯБІТШІЛІКТІ ҚОРҒАУДЫҢ ХАЛЫҚТАР КОНГРЕСІНЕ ҚАТЫСҚАНДАРДЫ ҚУДАЛАУ

ЛОНДОН, 29 январь. (СОТА). Ассошиэши пресс агенттігі Венада болған бейбітшілікті қорғаудың халықтар Конгресіне қатысқан тағы да екі мүшенің лейборист партиясынан шығарылғандығы туралы хабарлады. 28 январьда лейборист партиясының Холборн мен Сент-панкрастағы (Лондон) аудандық ұйымы Альфред Тейлорды партиядан шығару туралы қарарды бекіткендігін мәлімдеді. Ол Венадағы Конгреске Холборнның кәсіподақтары советіне қатысқан болатын.

Лейборист партиясының Норвудтегі (Лондон) аудандық ұйымының комитеті 27 январьда партиядан Маргарет Дафтоңды шығарған.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 29 январь. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованисі 29 январьда мынаны хабарлады:

Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілерінің бөлімдерімен бірлесіп қыймыл жасай отырып, бүгін майданның жекелеген учасоктерінде американағылшын интервенттері мен лисынманшыл әскерлерге қарсы жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізді.

Бүгін жау самолетін атқыштар жаудың 2 самолетін атып түсірді және 3 самолетін зыяндады.

ИНДИЯНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІҮШІН! калькуттадағы 25 мың адам қатысқан митинг

ДЕЛИ, 29 январь. (СОТА). 26 январьда Калькуттадан Парк циркус алаңында 25 мың адам қатысқан митингі болды, оған қатысқандар Индияның Британия империя

Саяси зор белсенділікпен өтті

лық-демократиялық бостандықтарды қорғайтын еді, сөйтіп, халық арасында өзіне бәдел тұғызатын еді. Кәзір либерализмше іс де қалған жоқ. «Бас бостандығы» дейтін онді жоқ,—енді капиталы барлардың

радио арқылы сөз сөйлеуге мүмкіндік берілмеді, жыйналыстар өткізуге үй берілмеді, ал консерваторлар мен лейбористер радиомен де, үймен де тоқтаусыз пайдаланды. Бірқатар капиталистік елдерде

ас еркін білдіреді, халық бақытын жаңаушы, бүкіл прогресшіл адамзаттың ұлы ұстазы және көсемі Сталин жолдасқа деген жалынды сүйіспеншілігі мен берілгендігін салтанат етеді.

турасын ұсынып отыр. Ет-консерві комбинатының коллективі № 53 сайлау округі бойынша облыстық Советтің депутаттығына кандидаттыққа И. В. Сталин жолдасты, К. Е. Ворошилов жолдасты, есіммен

сайлау округі № 65 Октябрь З. П. Раздорек лау округі бой кандидатуралар

Х А Л Ы Қ Ү Н І

(Француз жазушысы Андрэ Стильдің «БІРІНШІ СОҚҚЫ» романы туралы)

Өткен жылы шет елдер көркем әдебиеті бірнеше қалам қайраткерлерінің дүние жүзі еңбекшілерінің баянды бейбітшілік, халықтар бостандығы және бақыты жолындағы күресін бейнелейтін таңдаулы шығармаларына ССР Одағы Министрлер Советінің қаулысы бойынша Сталиндік сыйлықтар берілді. Бұл шығармалар біздің елімізде шығатын көркем әдебиет журналдарында жарияланып, жеке кітап болып басылып шыққан болатын. Солардың бірі—Сталиндік екінші дәрежелі сыйлық алған француз жазушысы Андрэ Стильдің «Бірінші соққы» атты романы.

Бұл библиографиялық шағын мақаланың мақсаты —газет оқушыларды осы шығармамен, оның авторымен жалпы шолу ретінде болса да таныстыру.

Андрэ Стиль—талантты, прогресшіл жазушылардың бірі. 1951 жылы оның «Сена теңізге құяды» деген әңгімелер жыйнағы Москвада орыс тілінде басылып шықты. «Бірінші соққы» романы сыяқты жазушы бұл шығармасын да бейбітшілік жолындағы игі іске, игі мақсатқа арнаған.

Андрэ Стиль Франция коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат. Оның жазушылық қызметі Франция жұмысшылары қозғалысымен тығыз байланысты. «Бірінші соққы» романы коммунист жазушының сол қозғалысқа белсенді қатысуының, талдап зерттеу арқылы қозғалыстың әлді және әлсіз жағын жете білуінің жемісі.

Жазушының алғашқы әңгіме-өчерктері соғыстан кейінгі дәуірде Францияда болған ереуіл жылдарында жазылып, «Шахтер» деген мақтаншпен айтылатын сөз» деген атпен шыққан кітапқа енгізілген.

Андрэ Стиль-реалист жазушы. Ол өзінің жазушылық талантын, көркем сөз шеберлігін Франция жұмысшы табының өмірі мен қажырлы күресін, қарапайым адамдардың бостандыққа, еркін тұрмысқа жету жолындағы қайтпас жігерін суреттеуге арнайды. Жазушы өзінің шығармаларында Франция коммунистік партиясының басшылығымен француз халқы жүзеге асыру үшін күш жұмсап жатқан қасиетті істің ұлылығын, бейбітшілік туың ұстаушы данышпан адам, барлық әлем еңбекшілерінің кемеңгер көсемі Сталин жолдас рух беріп, бастап отырған бейбітшілікті жақтаушылардың қуатты ұлы қозғалысының күннен күнге қалай дамып отырғандығын, халықтардың демократия және социализм орнату ісіне бағытталған күресін баяндайды.

Жазушының жаңа шығармасы осы игі істердің айғағы сыяқты. Оның бұл романы адамзаттың қас жауы —американ соғыс құмарларына қарсы күрес тақырыбына арналған. Жазушы мұнда американ агрессорларының Францияны Американың соғыс базасына айналдыруға тырысушылық әрекетіне қарсы Франциядағы бір порт докерлері жүргізген күресін, бұл күресте француз патриоттарының көрсетіп отырған ерлік қыймылын, олардың сана сезімінің онан

сайын өсуін, бұл күрестің бұдан бұрынғы күрестерден қандай өзгешелігі бар екендігін, оған тыннан не қосылғандығын шығарма кейіпкерлерінің ешбір шүбәсіз, нағымды қыймыл-әрекеттерімен, нақтылы фактілермен баяндап береді.

Американ басқыншылары Францияны «Маршалл жоспарына» душар ету арқылы француз халқының зұлымдыққа қарсыласу жігерін, бостандыққа ұмтылған еркін мұқалтуға, француздарды американ соғыс құмарлары алдында, олар көкеспей отырған «американдық тәртіп» алдында бас идіріп, құлшылық еткізуге тырысуда.

Американ соғысқұмарлары өздерінің бұл зұлымдық есебінен мықтап шатасты. Францияны бейбітшілікті қорғаушы батыл күрескерлері олардың арам ниетін өшкерелеп, бейбітшілік жолындағы қозғалыс мәйданын ұлғайта түсуде.

«Американдар Франция жерінен қуысын!» деп ұран салады «Бірінші соққы» романының кейіпкерлері. Бұл тек шығарма кейіпкерлерінің ғана сөзі емес, бостандық сүйгіш бүкіл еңбекші француз халқының сөзі, оның әсерлі үні, жауға қарсы ызғарлы айбаты. Ол жаудың өкменінен өтетін мұр оғындай.

Коммунистердің басшылығымен шығарма кейіпкерлері —порт докерлері портта кемелерге тиелген американ соғыс қару-жарақтарының түсірілуіне қарсы, американ соғыс құмарларының француз жерін басып алушылығына қарсы күшті күрес жүргізеді. Сөйтіп, өздерінің ерлік әрекет-қыймылымен, бір жағынан, ел еңбекшілерінің жауға деген өшпенділігін бұрынғыдан да бетер өршіте түссе, екінші жағынан, Францияның

қарапайым адамдарының американ соғысқұмарлары әлемінің бейбітшілік және бостандық халықтарын соғыс апатына қиліктіру үшін қолданып отырған сапқыйлы амал-айласын, тағылық әрекетін өшкерелеп, талқандауға, сөйтіп, қайткенде де соғысты болдырмауға деген жігер-еркін білдіреді.

Мұхиттың арғы жағынан қаракшылық ниетпен келген басқыншылар Францияны зеңбірек жеміне, сауда-саттық істеп, пайда табушы американ саудагерлерінің көңбіс отарына айналдыруға неше түрлі әрекет жасап бағуда. Олардың бұл пиғылын талантты жазушы өз шығармасы арқылы өлтіре өшкерелеп, барша әлем алдында масқаралай білген.

Француз докерлері американ басқыншыларына және олардың ел ішіндегі жадамалы жемтікестеріне қарсы тегеуірінді күрес жүргізе отырып, француз жастарын, әйелдері мен балаларын жыртқыш жаудың қанды тырнағынан құтқаруда, өз халқының азат және тәуелсіз тұрмысқа деген правосын сақтап қалуда.

Шығарманың негізгі кейіпкерлері —партия басшылары, қатардағы коммунистер, ержүрек докерлер. Бұлар —халық өкілдері. Сондықтан да олар арқылы бостандық сүйгіш француз халқының ең жақсы ой арманы, бостандыққа деген игі үміті, тілек-талабы, жігер-қайраты сыпатталған. Шығарма кейіпкерлерінің бірі—карт Леон өз өміріне хауіп төнетінін білсе де, адамгершілік борыштың жоғары екенін жете сезіп, порт бойындағы жолмен ағыл-тегіл өтіп жатқан қару-жарақ тиелген американ машиналарының басып кету хауіпінен сақтандыру үшін мектептен қайтқан жұмысшы

балаларын күнсы алады. Бейбітлік сыбана күстіндегі бейбітшілік тайтын базаның дар—Америкаға айбарлы-талап сөкерлердің образ әрі шебер жаса

Порт коммунистын бастай білген өсіп, жетілугізеді, олардың қандағы ұлы өккендігін терең түсінуіне көмекмісті, қажырлы данын нығайтып дарының орасан отырады.

Романның негізгі барлық француз өртінің түтгіріп, бейбітшілігандыру.

Жауға біріншігинуға болмайды сайын күшейе елған ағашкөсуші болсын. Бақыт ұрыспен жеңіп ма кейіпкерлері халық үні.

«Бірінші соққы» тақырыбына жасреттейтін зор лардың бірі.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1 партия және ауылшаруашылық бөлімдері —2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —5-53, газет табысе